

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОТЕХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ



IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 4-21 сәуір, 2017 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты халықаралық ғылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 10-11 сәуір, 2017 жыл



IV МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 4-21 апреля 2017 года

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 10-11 апреля 2017 года



IV INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 4-21 April, 2017

MATERIALS

of International Scientific Conference
of Students and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, 10-11 April, 2017



V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 3-13 сәуір 2018 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 10-11 сәуір, 2018 жыл



V МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 3-13 апреля 2018 года

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 10-11 апреля 2018 года



V INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 3-13 April 2018

MATERIALS

International Scientific Conference of
Students and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 10-11, 2018

Статистикалық мәліметтерде, ТМД бойынша сүт безінің катерлі ісігі салдарынан 50 мың –ға жуығы тіркелсе, 23 мыңға жуық жанар обырдың осы түрінен көз жұмады екен.

Мастопатияның түрлерінің алдын алу және емдеу барысында әйел адамдардың онкопатологиясының да алдын алу мүмкіндігі жоғары болып табылады.

Фиброэпителиальды мастопатияға ұшыраған науқастар санының артуына байланысты клиникалық зерттеулермен қатар әртүрлі ғылыми – зерттеу жұмыстары көптеп жүргізіле бастады және әліде жалғасуда.

Біржағынан әртүрлі экологиялық факторлардан туындаған, екінші жағынан гормональды тепе-теңдіктің ұзақ бұзылыстарынан кейін туындаған эндонтоксикация осы патологияның негізгі этиогенетикалық факторы болып есептеледі.

Ғылыми жетекшісі: б.ғ.д., профессор С.Т. Төлеуханов

АУЫР МЕТАЛ ТУЗДАРЫНЫҢ ҚАН КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ӘСЕРІ

Есенбекова А.Е., Үсіпбек Б.А.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
Аrai.199527@mail.ru

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының сарапшыларының болжамына сай (ДДҰ материалдары, Женева, 2003), ХХІ ғасырда ауыр металлдардың (корғасын, мырыш, кадмий) әсерінен әлемде жүрек-тамыр жүйелерінің аурулары, бауыр, бүйрек және т.б. аурулар кең таралуда. ХХ ғасырдың өзінде антропогендік факторлардың әсерінен, еңбекке жарамсыздық пен мүгедектіктің туындауының жоғары жиіліктің болуы, әлеуметтік мәні бойынша әлемде алғашқы орындардың бірін алса, бұл көрсеткіштер ХХІ ғасырда да жалғасын тапмақ.

Қазіргі кезде қоршаған ортада мырыш тұзы, кадмий ионы жеткілікті мөлшерде кездеседі. Сондықтан, организмнің ауыр металлдар әсеріне қарсы тұру төзімділігін жоғарлататын тәсіл іздеу негізгі өзектілігі болып табылады.

Қазіргі таңға дейін ауыр металлдардың әсерінен ұшыраған организмнің иммунофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оның себептерін анықтауда нақты зерттеу жұмыстары қолға алынды. Осыған байланысты ауыр металмен улану барысында жануарлардың қан жасушаларының өзгерісін зерттеу жұмыстың өзектілігі мен маңыздылығын негіздейді.

Ғылыми әдебиеттер деректері бойынша ауыр металл иондары жоғары токсикалық заттар қатарына жатқызылады. Қоршаған ортаға бұл қосылыстар табиғи жолмен де, антропогендік әсерінен де енеді. Қазіргі кезде өнеркәсіптің және ауыл шаруашылық өндірістің жылдардан бері атомдық, сондай-ақ басқа да қарулардың түрлерін сынау адам мен жануарлар организмдегі және олардың мекендеу ортасының экологиялық тепе-теңдігін бұзып, адамзат денсаулығына үлкен қауіп төндіріп тұр.

Ауыр металлдар адам организмінде көптеген әртүрлі аурулар тудырады. Жүрек-қан тамыр жүйелерінің ауруы кезінде инфаркт, инсульт, бітелген эндоартрит, тромбоздар сияқты ауыр асқынулар кезінде ұзақ уақыт еңбекке жарамсыздық пен мүгедектікке алып келетіні байқалады. Белгілі болғандай, көптеген жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары лимфа жүйесінің патологиялық үдерістерге қатысуына алып келеді, ал өз кезегінде лимфа жүйесі өзінің қорғаныштық-компенсаторлық және тасымалдау қызметтері арқылы аурулардың өтуін және организмнің күйін өзгертуі мүмкін.

Сонымен жұмыстың өзектілігі – ауыр металлдармен улану барысында лимфадинамияның қорғаныштық-компенсаторлық қызметін және жануарлар организміндегі лимфа мен қанның биохимиялық және реологиялық көрсеткіштерін бағалау болып табылады.

Ғылыми жетекшісі: б.ғ.к., доцент Аблайханова Н.Т.

IL-2 AND IL-12 DOES NOT INCREASE CYTOLYTIC ACTIVITY IN ANERGIZED NK CELLS

Zhakuparov D.M.^{1,2}, Kim X.V.^{1,2}

¹M.A.Aitkhozhin Institute of Molecular Biology and Biochemistry Laboratory of Molecular Immunology and Immunobiotechnology, Kazakhstan, Almaty

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
xeniya.kim@gmail.com; ostapchuk.87@mail.ru

Natural Killer (NK) cells are large granular lymphocytes belonging to the innate immune system. They play a crucial role in the early response to virus-infected cells and in tumor surveillance as they exhibit cytotoxic activity and do not require prior sensitization. However, cytolytic activity of circulating and tumor-infiltrating NK cells, measured by the ability to lyse K562 erythroleukemia cells *in vitro* or autologous tumor cells, is diminished in various types of cancer. It has been previously shown that tumor cells cause NK cell anergy inhibiting their cytotoxic activity through either cell-to-cell contact or secreted factors. Previously a declined cytotoxic activity of NK cells after incubation with adhered intact human pancreatic carcinoma MiaPaCa-2 cells (Mia-0) or stimulated with TGF- β and TNF- α (Mia-TT), and with supernatant of Mia-TT culture was shown in our laboratory. We believe that activation of the immunosurveillance system specifically through restoration of cytotoxic activity of anergized NK cells may have therapeutic implication in cancer therapy.

In this study, we isolated peripheral blood mononuclear cells (PBMCs) using density gradient centrifugation on a Ficoll-Paque and incubated with Mia-0, toward K562 cells was assessed by flow cytometry. The analysis showed that these cytokines did not restore cytotoxic activity of anergized NK cells.

Thus, here we report that despite the ability of IL-2 and IL-12 to increase cytolytic activity of intact NK cells, they are not effective against tumor-affected anergized NK cells.

Scientific supervisor: Ph.D., Ostapchuk E.O.

ГИПОДИНАМИЯ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Жамбылова А.

І.Жансүгіров ат. Жетісу мемлекеттік университеті, Қазақстан, Талдықорған қ.
ukusheva@mail.ru

Халықтың денсаулығын сақтау аурулардың алдын алу мен оларды емдеу бағыттары мемлекеттік, әлеуметтік, экономикалық, және босатқан сайын соғұрлым қозғалыс белсенділігінің орын толтыру тәуелділігі артып отыр. Аз қимылды қалыптың – гиподинамияны дәрі-дәрмексіз жүрек қан тамыр, тыныс жолдарына тигізетін зардабы, сонымен бірге гиподинамияға қарсы амалдар, аурудың алдын алу жолдары қарастырылды.

Зерттеу объектісіне Талдықорған қаласының Казпочта мекемесінде жұмыс істейтін қызметкерлері алынды. Қызметкерлерден (n=16) сауалнама топ бақылау тобы, 2-топ эксперименттік топ.

Эксперименттік топ жұмысшыларына гиподинамияны алдын алуды коррекциялауға арналған «Айконе» әдістемесімен жаттығулар (авторы Жан-дүниесін шыңдау яғни қазіргі заманауи фитнес пен психотехнологияны үйлестіру).

Эксперименттік топ жұмысшыларына 1 ай уақыт аралығында күнделікті әр сағат сайын 10 минут уақытында «Айконе» элементтерін қолданылды. Бұл зерттеу әдісін әр бір он күн өткен сайын қолданылып отырды.